

БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

Ашық сабақ. "Зат есімнің тәуелденуі"

ЖАРИЯЛАНДЫ
14.11.2022

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/126620/>

«Қожабереген жырау атындағы №6 орта мектебі» КММ

Солтүстік Қазақстан облысы. Петропавл қаласы

Бастауыш сынып мұғалімі

Мольдинова Лаззат Маратовна

Қысқа мерзімді жоспар

Қазақ тілі 80-сабақ

| | | |
|--|---|----------------------|
| Бөлім: | Өнер | |
| Мұғалімнің аты-жөні | Мольдинова Л.М | |
| Күні: | | |
| Сынып: 3 «В» | Қатысушылар саны: 20 | Қатыспағандар саны:1 |
| Сабақтың тақырыбы | Зат есімнің тәуелденуі. | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 3.4.2.2 тәуелдік жалғауларының қолданысын білу 3.1.1.1 тыңдаған материал бойынша тірек сөздерді белгілеу, ашық және жабық сұрақтарға жауап беру | |
| Сабақтың мақсаты | <p>Барлық оқушылар: тәуелдік жалғауларының қолданысын біледі, тыңдаған материал бойынша тірек сөздерді белгілейді, ашық және жабық сұрақтарға жауап бере алады.</p> <p>Көптеген оқушылар: берілген сөздерді жекеше, көпше түрде тәуелдеп жаза алады.</p> <p>Кейбір оқушылар: зат атауларын тәуелдеп жаза алады.</p> | |
| Бағалау критерийі: | <ul style="list-style-type: none"> • Тыңдалған мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап беріп, мәтінде жалпы не туралы айтылғанын түсінеді. • Мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге, өз ойын дәлелдеуге және толық, жүйелі, түсінікті етіп айтады. <p>*Сөздерді жекеше, көпше түрде тәуелдейді. *Тәуелдік жалғауларының қолдана алады.</p> | |
| Құндылықтарды дарыту: | Оқуға, білімге деген қызығушылығын арттырып, еңбекке баулу. Жеке және топта жұмыс жасай алу, ынтымақтастық. | |
| Пәнаралық байланыс: | Өзін – өзі тану. | |

| | |
|------------------------------|--|
| АКТ қолдану дағдылары | Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу; |
| Ресурстар | Топқа бөлуге арналған парақшалар, интерактивті тақта, жұмыс дәптері, қалам мен түрлі түсті қарындаш, стикер, видеоматериалдар., постер, кері байланыс парағы т.б |
| Алдыңғы білімдер | Зат есім тақырыбынан игерген білімдеріне негізделіп меңгертіледі. |
| Жоспар | |

Сабақтың барысы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|--|--|--|--|
| Ұйымдастыру, өзін – өзі тексеру Эмин | Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру ширату жаттығуларымен өтеді. Сәлемдесу. Сөлем – сөздің атасы. Сабаққа келген қонақтармен амандасу. Өлең жолдары арқылы. Амандасу үлкенге, Тәрбиенің басы ғой. Ал, қанеки, бәріміз, Сәлем дейік үлкенге. Сәлеметсіздер ме, ұстаздар! Психологиялық ахуал: оқушылар өздері қалаған түрлі – түсті жүрекшелерді алып, жоғары лақтырады. М: қызыл түсті алғандар жігерлі, көк түсті алғандар қайратты, жасыл түсті алғандар ақылды. Жүрекшелер арқылы оқушыларға жігер беру. Ширату Күй тартамыз күмбірлі, күмбірлі, Эн айтамыз көңілді, көңілді. Би билейміз ырғақты, ырғақты. Біз бастаймыз сабақты, сабақты. | 1. Жаттығу жасайды. | | 1 слайд |
| Өткен білімді еске түсіру 5 мин | Өткен тақырыпқа шолу, оқу материалын жариялау «Бір адам алға..» әдісімен өтеді: Оқу материалын жариялау «Мюссенберг» әдісі арқылы жүреді: -Берілген әріптер арасынан мағыналы сөздерді тауып, тақырыпты шығарындар. Различнәнерштбгзатвдпцтуралыпдиуесімніңпдкнешстндпбілемінаэлищнсөзіэлищнәэзмтәуелденуіаптарыщнәэлищн — Қандай сөйлем шықты? Зат есімнің тәуелденуі Сабақтың тақырыбы мен оқу мақсатымен таныстыру. Бағалау критерийін оқушылармен бірлесе құрастыру немесе таныстыру. М.С -Ендеше бүгінгі сабақта зат есімді тәуелдеуге арналған тапсырмалар орындауды жалғастыратын боламыз. | Оқушылар мағыналы сөйлемді табады | Оқу тапсырмасын орындаған оқушыны «Өзін бағалау тақтасында бағалау» әдісімен бағалау. Жауабын толықтыру, тиімді кері байланыс жасау. | Заттар суреті |
| 5 мин | «Ой қозғау» тапсырмасы . «Не артық?» ойыны Сөздер ішіндегі артық сөзді табу. Мектеп, сөмке, оқулық, домбыра, қалам, дәптер, өшіргіш. «Таңдау» әдісімен суреттер таңдатып топқа бөлу. Өнер туралы мағлұмат айта кету. Домбыра сөзін «Планшет» әдісі бойынша жеке жұмыс барысында тәуелдеп жазады. Ә) Сұрақ-жауап: Осы жерде Брежені қайталап кету. — -Зат есім туралы не біліміз? -Тұлғасына арай бөлінеді: негізі, туынды.Атауына қарай: жалы , жалпы есім. — Зат есімді қалай тәуелдейміз? | Топтастырады. Домбырам сөзін Планшетте тәуелдеп жазады Бірін – бірі араларынан қолпаштау арқылы бағалайды | Оқушылар сабақтың мақсатын, критерий құрады. 1. Зат есім тақырыбын меңгеру. 1. Зат есімнің тәуелденуі туралы түсініктері дамыту. 2. Тәуелдік жалғауларының қолданысын білу. 3. Сөздерді жекеше, көпше түрде тәуелдеу 4. Топта, жұпта, жеке жұмыс жасай білу. Не артық? Сюжетті суреттен анықтайды. | 2 слайд 3 слайд 4 слайд |
| 5 мин | | | Бірін - бірі бағалау.. | 5 слайд |
| | | | | 6 слайд |
| | | | | 7 слайд |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.